

"Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 21 сәуірдегі N 213 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 20 мамырда N 6969 болып тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай) белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 2011 жылғы 9 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Е. Дүйсенбаев

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының
2011 жылғы 21 сәуірдегі
№ 213 бұйрығымен
бекітілген

Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және Кеме қатынасы тіркелімімен (бұдан

әрі - Кеме қатынасының тіркелімі) ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптауды (бұдан әрі - сыныптау қызметі) жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Кеме қатынасының тіркелімінің сыныптамалық қызметіне ішкі суларда жүзетін және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелердің техникалық құжаттамасын қарау және келісу (бұдан әрі - кемелер), оларға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес материалдар мен бұйымдарды дайындауға, кемелерді жасауға техникалық бақылау, сондай-ақ әрбір кемеңің барлық пайдалану кезеңі бойынша оны шығысқа жазғанға дейінгі куәландыру негізінде тиісті құжаттарды ресімдеу және берумен сыныпты растау, жаңарту және қалпына келтіру жатады.

3. Сыныптау және техникалық бақылауға олардың тиесілігіне қарамастан ішкі су жолдарында пайдалануға арналған кемелер жатады:

1) жолаушылар;

2) басты қозғалтқышының қуаты 55 киловатт (75 ат күші) жолаушыларға арналмаған өздігінен жүретін ішкі су жолдарының кемелері;

3) сыйымдылығы кемінде 80 регистрлық тонна өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер.

4. Кемелерді сыныптауды кеме иелерінің өтінімі бойынша Кеме қатынасы тіркелімімен осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

5. Кеме иесі Кеме қатынасы тіркеліміне өтінім берген жағдайда сондай-ақ осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілмеген кемелерге қатысты сыныптамалық қызметті жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) әуе жастығындағы кеме (бұдан әрі - ӘЖК) - қуысқа үнемі түп астынан қысымды ұлғайтумен әуе жастығы деп аталатын, жүрістегі немесе жүрістегі емес оның барлық көлемі немесе айтарлықтай бөлігі ауаның артық қысым күшімен су үстінде (топырақтың, мұздың) тұратын, су бетінде қалқып жүзетін кеме;

2) глиссерлейген кеме - негізгі режимі су бетінде сырғу болып табылатын, гидростатикалық күштердің мардымсыз болу салдарынан, негізінен, кеме түбіндегі су күшінің әсерінен су үстінде қалқып тұратын кеме;

3) дүркін-дүркін жүзу - конструкциясы, су үсті борты, жабдығы, керек-жарағы бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің қосымша талаптары және жүзу ауданы, жел-толқын режимі, маусымдық, мұздық жағдайлар бойынша шектеулер орындалған жағдайда жүзеге асырылатын аса жоғары бассейнде кемеңің жүйесіз пайдалану;

4) кемеңің жаңарту - жүзеге асырғаннан кейін кеме корпусының, механизмдерінің және электр жабдықтарының техникалық жай-күйі кеме иесімен жобаланған мерзім

кезеңінде кемең арнайы шарттарда сенімді пайдалануын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген және кеме иелерімен жүргізілген іс-шаралар кешені;

5) кеме сыныбы - кемеңі сыныптау кезінде берілетін және кемеңі конструкциялық айрықшылығын және оның пайдаланудағы шартын сипаттайтын шартты белгілердің жиынтығы

6) қорғаныш орны - кемеңе қауіп төнетін жағдайлар туындаған кезде, оны жасыру үшін пайдалануы мүмкін, табиғи немесе жасанды кез келген қорғалған акватория;

7) сыныптау куәлігі - кемеңе сынып беру кезінде Кеме қатынасы тіркелімі беретін кеме құжаты;

8) сыныпты жаңарту - бұрын сыныбы болған, бірақ мерзімі өткен немесе тоқтата тұрған кемеңе сыныптау куәлігін беру;

9) сыныпты қалпына келтіру - бұрын сыныбы болған, бірақ мерзімі өткен немесе кемеңе сыныптау куәлігін беру;

10) сыныпты растау - бұрын осы сыныбы болған кемеңе сыныптамалық куәлігін ұзарту;

11) су асты қанатындағы кеме (СКК) - пайдалану режимінде қозғалыс кезінде су асты қанатында туындайтын гидродинамикалық күштермен су бетінде тұратын, су асты қанатты кемелер.

12) экран-план - ұшу режимін пайдаланудағы барлық салмағы тіреу бетінің (су, мұз) шекарасына жақын көтеру беттерінде (қанатта) туындайтын аэродинамикалық көтеру күші арқылы ұстанатын кеме;

7. Қағидада қолданылатын өзге де ұғымдар Ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Техникалық құжаттаманы қарау және келісу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Кеме қатынасы тіркелімі материалдар кемелерді жасау, қайта жабдықтау, жаңғырту және жөндеу, бұйымдарды жасау мен жөндеу және кемелерде орнату үшін материалдарды дайындаудың техникалық құжаттамасын - техникалық жобаларды, жұмыс құжаттамасын, техникалық шарттарды, стандарттарды және басқа да техникалық құжаттарды (бұдан әрі - техникалық құжаттама) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 13 мамырдағы № 276 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6993 болып тіркелген) Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидаларының 110-

тармағында көзделген тәртіппен 30 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және келіседі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.01.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кеме қатынасы тіркеліміне келісуге ұсынылатын техникалық құжаттамалардың тізбесі осы Қағиданың 3-қосымшасында көрсетілген.

10. Техникалық құжаттама Кеме қатынасы тіркеліміне қарауға объектіні жасауға дейін түпнұсқа немесе нотариалды расталған көшірме түрінде ұсынылады.

Бұл ретте шетелдік кеме жасаушы ұйыммен жүзеге асырылатын кемені жасау, жаңғырту және жөндеу кеме иесінің бастамасы бойынша ұсынылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

11. Жаңа шешімдер қолданылған жағдайда Кеме қатынасы тіркеліміне қарауға техникалық тапсырма, техникалық ұсыныс, эскиздік жоба, сондай-ақ тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-зерттеулік пысықтаулар ұсынылады. Мұндай құжаттар келісуге жатпайды. Оларды қарау нәтижесі бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің қорытынды-хаты (кері қайтару) жасалады.

12. Бұрын келісілген техникалық құжаттамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

13. Кемені жасау, әзірлеу, кемеде орнатуға арналған бұйымды жөндеу немесе материалды дайындау процесінде туындайтын келісілген техникалық құжаттамадан барлық ауытқулар, Кеме қатынасы тіркелімімен және кеме жасауға, әзірлеуге немесе кемеге орнатуға арналған бұйымды жөндеу немесе материалды дайындауға бақылауды жүргізетін тиісті Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерлерімен келісіледі.

14. Кеме қатынасы тіркелімі есептеу кезінде есептеу операцияларының дұрыстығын тексермейді, соңғы нәтижелерін ғана қарайды.

15. Техникалық құжаттамаларда Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасында белгіленгеннен айрықшаланатын шешімдер болған кезде біліктілігін растайтын кәсіби дайындығы және дипломы бар, тиісті қызметкерлерімен конструкторлық бюросы немесе техникалық бөлімі бар жобалау, кеме жасау және кеме жөндеу ұйымдары осындай шешімдердің мәнін техникалық негіздемесін баяндап беріп, олардың тізбесін ұсынады.

16. Кеме қатынасы тіркелімі қорытынды хатта (кері қайтару) ұсынылған тізбе бойынша қабылданған шешімдерді хабарлайды. Тізбеге енгізілмеген ауытқулар

келісілген болып саналмайды және Кеме қатынасы тіркелімі мұндай жағдайда объектілерді жобалаудың, жасаудың немесе дайындаудың кез келген келесі кезеңінде олардың алынып тастауын талап етеді.

17. Кеме қатынасы тіркеліміне келісуге ұсынылатын барлық құжаттама құпиялы болып табылады және үшінші тарапқа оның иесінің жазбаша келісімі арқылы ғана беріледі.

18. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық құжаттамаларды келісімінің қолданылу мерзімі, қолданылу мерзімі шектеусіз кемелерді жөндеу, жаңғырту және қайтадан жабдықтаудың техникалық құжаттамаларын қоспағанда, 6 жылды құрайды.

19. Көрсетілген мерзімі өткен соң немесе техникалық құжаттаманы келісу және кемені жасауды бастау күндерінің арасындағы үзіліс 3 жылдан артық болған жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасында көрсетілген кезеңіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды және қайта келісуді есепке ала отырып техникалық құжаттамалар түзетуге жатады.

3-тарау. Техникалық бақылау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Кеме қатынасы тіркелімі техникалық бақылауды ұйымдардың өтінімі бойынша шарттық негізде жүзеге асырады.

21. Кеме қатынасы тіркелімімен жүзеге асырылатын техникалық бақылау объектілерінің номенклатурасы осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес белгіленеді және әрбір жағдайда, өндірістің нақты жағдайын ескере отырып, шарт жасау кезінде нақтылауға жатады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Техникалық бақылау шартына Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынатын объектілерді соңғы тексеру тізбесі және технологиялық операциялар қоса беріледі.

Көрсетілген тексерулер кеме жасаушы және кеме жөндеуші ұйымдардың персоналдарымен жүзеге асырылады және тиісті құжаттармен ресімделеді.

23. Кеме жасаушы және кеме жөндеуші ұйымдар Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне техникалық бақылауды жүзеге асыру үшін мынадай шарттарды қамтамасыз етеді:

жұмыс үшін талап етілетін техникалық құжаттаманы ұсынады;
объектілерді тексеру жүргізуге дайындайды;

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен техникалық бақылау жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

объектілерді Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне тексеруге ұсынатын уәкілетті лауазымды тұлғалардың қатысуын қамтамасыз етеді;

объектілерді тексеру мен сынақ өткізу үшін күні мен тексеруді өткізу орны көрсетілген Кеме қатынасы тіркеліміне уақытылы өтінім жібереді.

24. Көрсетілген техникалық бақылау жүргізудің шарттарын осы Қағиданың 23-тармағында орындамаған кезде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері үш күн мерзім ішінде Кеме қатынасы тіркеліміне техникалық бақылау жүргізуден бас тартудың жазбаша негіздемесін жолдайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

25. Материалдар мен бұйымдарды кемелерге орнатуға оларға тек Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттары болғанда ғана рұқсат етіледі.

26. Кеме қатынасы тіркелімімен келісім бойынша кемеге орнатылатын материалдар мен бұйымдарға құжаттарды беру орнына, ауысым-қосалқы бөлікті қоса, дайындаушы ұйымның жаппай шығарылатын материалдар мен бұйымдарға құжаттарды, оларға қол қою және Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің жеке мөртабанымен растау арқылы растауға жол беріледі.

27. Кеме қатынасы тіркеліміне жаңадан және алғашқы ұсынылатын типтік материалдар мен бұйымдар мақсаты бойынша қолданылу үшін Кеме қатынасы тіркелімімен келіседі.

4-тарау. Техникалық есепке қою, куәландыру және сыныпты тағайындау тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Кемеге сынып оны Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебіне қойғаннан кейін тағайындалады.

28-1. Техникалық есепке қоюды және сыныпты тағайындауды қоса алғанда, кеме куәландыруды жүргізуді Кеме қатынасы тіркелімі кеме иесі осы Қағиданың 30, 31, 32, 33 және 34-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тарау 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.01.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген әрбір кеме мынадай жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебіне қойылады:

- 1) кеме жасалғаннан кейін;
- 2) тіркелу орны ауысқаннан кейін және осыған байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің басқа жұмыскер қызметінің ауданына ауысқаннан кейін;
- 3) басқа сыныптау ұйымы сыныбынан Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбына ауысқан кезде;
- 4) егер кеме бұрын тіркеуден алынған немесе Кеме қатынасының тіркелімі тіркеуде болмаған жағдайда;
- 5) кеме иесі ауысқан кезде.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.08.2019 № 677 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне техникалық есепке қою үшін кеме тіркеу орны бойынша кеме иесі ұсынатын кеме қажет құжаттар:

- 1) кеме иесінің өтініші;
- 2) дайындаушы - зауыт берген, кемең паспорты (жаңадан жасалған кемелер үшін түпнұсқа және көшірме);
- 3) орнықтылығы және суға батпайтындығы туралы ақпарат (егер кеме Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауынсыз жасалса);
- 4) кемең меншік құқығын растайтын құжат (түпнұсқа және көшірме);
- 5) сыныптау куәлігі (түпнұсқа және көшірме);
- 6) жүзуге жарамдылығы туралы куәлік немесе кемең жүзуге жарамдылығын растайтын, егер мұндай белгі құжат нысанында көзделсе, есептен шығарылғаны туралы белгісі бар өзге де құжат (түпнұсқа);
- 7) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемелері үшін түпнұсқа және көшірме);
- 8) куәландыру актісі (түпнұсқалар және көшірмелер).

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауымен жасалған кемелерді техникалық есепке қою үшін қажетті құжаттар:

- 1) кемең жасау шарты (түпнұсқа және көшірме);
- 2) кемең меншік құқығын растайтын құжаттар (түпнұсқа және көшірме);
- 3) Кеме қатынасы тіркелімімен танылған ұйыммен әзірленген және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жоба;
- 4) дайындаушы - зауытпен берілген, кемең паспорты (жаңадан жасалған кемелер үшін түпнұсқа және көшірме);

5) механизмдердің, жабдықтардың және жабдықтаулардың сертификаттары (түпнұсқа және көшірме);

б) дайын бұйымдарды техникалық қабылдау актілері (түпнұсқалар және көшірмелер);

32. Техникалық бақылаусыз жасалған кемені техникалық есепке қою үшін қажетті құжаттар:

1) кеме атауы, болжамды жүзу ауданы көрсетілген кеме иесінің өтініші;

2) кеменің меншік құқығын растайтын құжаттар (түпнұсқа және көшірме);

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6871 болып тіркелген) бекітілген Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидасының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 137 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6883 болып тіркелген) бекітілген Аралас "өзең-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасының талаптарына кеменің сәйкестігін талдау (бұдан әрі - Кеме сәйкестігін талдау).

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32-1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен бекітілген Пайдаланылған кемелерді куәландыру қағидасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6991 болып тіркелген) (бұдан әрі - Пайдаланылған кемелерді куәландыру қағидасы) 12-18-тармақтарына сәйкес Кеме қатынасының тіркелімінің техникалық бақылаусыз салынған кемені Кеме қатынасы тіркелімінің сыныптамалық есебіне қою алғашқы куәландыру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 32-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

32-2. Алғашқы куәландыру кезінде кемеге Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбын беру мүмкіндігі қаралады және оң нәтиже болған жағдайда Кеме қатынасының тіркелімі кемені сыныптамалық есепке қояды, тіркеу нөмір және Сыныптамалық куәлік (тек мемлекеттік тіркеу үшін) беріледі.

Ескерту. Қағида 32-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

32-3. Кеме қатынасының тіркелімінің сыныбын беру алдында, кеме иесі бар болып табылатын және (немесе) осы Қағидаға кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылатын техникалық құжаттаманың типтік тізбесі 3-қосымшасына әзірленген қосымша

техникалық құжаттамалар, сонымен қатар тиісті типті және сыныбы бар кемелерге ұсынылатын сәйкестікке талдау беріледі.

Кеме сәйкестігін талдау кеме элементтерінің ақаулық нәтижелерін ескере отырып, әзірленеді. Бұл ретте, корпустың ақаулығы сыртқы қаптаманың, конструктивті жиынтықтың, палубаның, платформаның, корпус қалқаларының және қондырма, рубканың жалпы беріктілікті қамтамасыз етуге қатысатын конструктивті элементтерінің табақша/элемент бойынша ақаулығын қамтуы қажет.

Электржабдықтарының және кеме құралдарының, кеме техникалық құралдарының, жүйелерінің кеме элементтерінің ақаулық мөлшері нақты жағдайы бойынша белгіленеді.

Ескерту. Қағида 32-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

32-4. 32-3-тармағында көрсетілген техникалық құжаттарды қараудың кезінде оң нәтижелері сынып беруге қажетті кеме жабдықтауға дейінгі, қайта жабдықтау кезінде Кеме қатынасының тіркелімі техникалық бақылауды жүргізеді. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 13 мамырдағы № 276 бұйрығымен бекітілген Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6993 болып тіркелген) (бұдан әрі – Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасы) техникалық бақылау процесінде жүргізілетін кемелердің және оның элементтерінің сынақтарының және тексерулердің, куәландырулардың көлемі белгіленген.

Ескерту. Қағида 32-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

32-5. Техникалық бақылау қорытындысы бойынша алғашқы куәландыру кезінде белгіленген техникалық жағдайын нақтылау және талаптарын орындау мақсатында кемеге кезектен тыс куәландыру жүргізіледі.

Пайдаланылған кемелерді куәландыру қағидасының 135-тармағында көзделген кезектен тыс куәландыру қорытындысы оң болған жағдайда кемеге сынып бекітіліп және кеме құжаттары беріледі.

Ескерту. Қағида 32-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

33. Жаңғырту және жаңарту кезінде кемелердің типі мен белгісі ауыстырып кемелерді техникалық есепке алу үшін қажетті құжаттар:

- 1) кеме жаңғырту және жаңарту туралы өтінім;

- 2) кемең меншік құқығын растайтын құжаттар (түпнұсқа және көшірме);
- 3) Кеме қатынасы тіркелімімен танылған ұйыммен жобаланған және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген кемелерді жаңғырту және жаңарту жобасы;
- 4) дайын бұйымдарды техникалық қабылдау актілері (түпнұсқа және көшірме), (әрбір жаңғыртылған және жаңартылған элементтері бойынша);
- 5) механизмдерге, жабдықтарға және жабдықтауға сертификаттар;
- 6) қабылдау сынағының актілері.

34. Бұрын пайдаланған кемелердің элементтерін қолдану арқылы жаңғырту және жаңарту кезінде (түпнұсқа және көшірме) кемелерді техникалық есепке алу үшін қажетті құжаттар:

- 1) кеме иесінің өтінімі;
- 2) кемең меншік құқығын растайтын құжаттар (түпнұсқа және көшірме);
- 3) Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген кемеңі жаңғырту және жаңартудың техникалық құжаттамасы;
- 4) механизмдер мен жабдықтарға сертификаттар;
- 5) дайын өнімдерді техникалық қабылдау актілері (түпнұсқа және көшірме), (әрбір жаңғыртылған және жаңартылған элементтері бойынша);
- 6) кеме иесімен орындалған бұрын пайдаланылған элементтердің ақаулық актісі;
- 7) қабылдау сынағының актілері.

35. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері осы Қағиданың 30-34-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда кемеңі техникалық есепке қоюдан бас тартады. Мұндай жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері бас тарту себебін көрсетіп кеме иесін жазбаша түрде хабарлайды.

36. Басқа сыныптамалық органның бақылауымен жасалған кемелерді техникалық есепке қою кезінде осы Қағиданың 30-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Осы Қағиданың 30-34-тармақтарында көрсетілген құжаттардың түпнұсқасы, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен салыстырып тексерілгеннен кейін кеме иесіне қайтарылады.

38. Кеме иесі қайта құрылғанда (кәсіпорындар немесе ұйымдар) кемелерге келесі түпнұсқа және көшірме құжаттарды ұсынғанда сыныптау куәлігі ауыстырылады:

- 1) кеме иесінің өтінімі;
- 2) жаңа құрылған кәсіпорынға алынған құжаттар;
- 3) сыныптау куәлігі.

39. Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылатын құжаттарға талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалады, егер ұсынылған құжат шетел тілінде жасалған болса, онда оған мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы қоса ұсынылады;

2) құжаттың мәтіні анық, жеке және заңды тұлғалардың атауы және деректемелері қысқартусыз жазылады;

3) тазартылған немесе сөздері сызылған және онда айтылмаған түзетулері бар құжаттар, қарындашпен толтырылған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын оқу мүмкін болмайтындай етіліп зақымдалған құжаттар қабылдауға жатпайды.

40. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауына жататын кеме, тіркелу орны бойынша кеме иесімен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің техникалық есебіне қойылады.

Егер, кеме тіркелу орнынан тыс пайдаланылса, уақытша техникалық есепке алу үшін осы ауданға қызметі таралатын Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне осы Қағиданың 30-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынумен кеме уақытша техникалық есепке тұруға жатады.

Кемені техникалық есепке уақытша қойғанда, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері Жүзуге жарамдылығы туралы куәлігіне "уақытша" деген белгі қойылады.

Кеме уақытша орын ауыстырғанда (жалға алу), техникалық есептен алынбайды. Кеме иесі жазбаша түрде Кеме қатынасы тіркеліміне себебін және орын ауыстыру мерзімін көрсетіп жазбаша хабарлайды.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда, бұрынғы кеме сыныбы сақталады.

41. Бұрын техникалық есептен шығарылған кемені есепке алу жағдайында, кемеге алғашқы куәландыру жүргізіледі және жаңа тіркеу нөмірі беріледі.

42. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебінен кемені шығару мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) шығысқа жазылған кезде;

2) Кеме қатынасы тіркелімінің басқа жұмыскер қызметінің ауданында жаңа тіркеу портына көшірілген кезде;

3) басқа сыныптау қоғамының сыныбына ауысқан кезде;

4) кеме иесінің негізді сұранысы жоқ болып, кеме екі жылдан артық мезгілде куәландыруға ұсынылмаған жағдайда.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42-1. Кеме иесі ауысқан кезде, кеме иесі ауысқанда, кемені жаңғырту немесе жаңарту оның типі және белгісі өзгеруімен, кемені жаңғырту немесе жаңарту бір өңірлік жұмыскерінің аумағында бұрын пайдаланылған кеме элементін қолданумен, кеме техникалық есептен шығарылмайды.

Бір өнірлік жұмыскердің аумағында кеме иесі ауысқан жағдайда бұрынғы және жаңа кеме иесі Кеме қатынасы тіркеліміне бұл туралы жазбаша түрде хабардар етеді, бұл ретте сыныптау куәлігі ауыстырылады.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.03.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. 42-тармақтың 4) тармақшасында жазылғандардан басқа (түпнұсқа және көшірмелер), Кемені есептен шығару үшін қажетті құжаттар:

1) кеме иесінің кемені есептен шығару себебі көрсетілген өтінімі;

2) кемені есептен шығару себебін растайтын ресми құжаттардың көшірмесі (олар болған жағдайда).

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.08.2019 № 677 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Кеме иесі, Кеме қатынасы тіркелімінің сыныптамалық есебінде тұрған кемеге Кеме қатынасы тіркелімімен берілетін құжаттарда көрсетілген мерзімде кемені куәландыруға ұсынады.

45. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері, егер кеме немесе оның элементтері куәландыруға дайын болмаса, куәландыру жүргізбейді.

Мұндай жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері куәландырудан бас тарту себебін негіздеп актіде жазады, одан кейін актінің түпнұсқасы кеме иесіне (кеме иесінің өкіліне) немесе капитанға жолданады.

Актінің көшірмесі Кеме қатынасы тіркеліміне жіберіледі, ал басқа данасы Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің формулярына тігіледі.

45-1. Формуляр әр кемеге жеке жүргізіледі және кемеге берілген актілер мен куәліктердің көшірмелерінен тұрады.

Формулярдың сыртқы бетінде титул парағы жабыстырылады.

Ескерту. Қағида 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.05.2016 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері куәландырудың барлық түрінде Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес шешім қабылдауға өкілетті.

Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасымен регламенттелгеннен ауытқитын шешімдер Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

47. Навигация басталар алдында кеменің пайдалануға даярлығы жөнінде кеме иесінің тексеру туралы актісі кеменің ішінде сақталады.

48. Кеме элементтерін куәландыруға дайындау мен сынақтан өткізуге байланысты, кеме куәландыру алдында жүргізілетін барлық жұмыстар, сондай-ақ кеме элементтерінің (конструкцияның толық немесе жартылай бөлшектенуі, еден

төсенішінің қаптамасы мен изоляцияны ашу, тозу және деформация параметрлерін, есептеулер мен өлшемдерді анықтау) техникалық жай-күйін анықтауға қажетті жұмыстар кеме командасының және/немесе кеме иесінің күшімен есебінен орындалады

49. Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасында белгіленген талаптардан төмендетілген параметрлерге ие кеме иелері, кемеің сондай немесе басқа элементінің ақаулығын анықтауын Кеме қатынасы тіркелімінің Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет түріне берген Тану туралы куәлігі бар ұйымда жүргізеді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

50. Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің ішінара жүргізген бақылау нәтижелері кеме иесінің ұсынған өлшеу нәтижелерінен өзгеше болған кезде

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қажетті барлық өлшеулердің қайтадан жүргізілуін талап етеді.

51. Қазандардың сақтандырғыш клапандарын және қысымдағы ыдыстардың реттелуі мен пломбылануын кеме иесі орындайды.

52. Куәландырудың барлық түрлерінде кеме иесі және/немесе команда құрамы Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне бұрынғы және жүргізілетін куәландыру арасындағы кезеңде кеме элементтерінің істен шығуы, анықталған байқаулар, сондай-ақ осы кезеңде жүргізілген жабдық құрамын өзгерту және жөндеулер жөнінде хабарлайды, қажетті құжаттарды, бұрынғы куәландыру актісін, техникалық құжаттаманы және Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасында жазылғанын тексеру және кеме элементтерін сынақтан өткізу актілерін ұсынады.

53. Кеме иесі, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін кемеің зақымдалуы туралы зақымдану болған қызмет шекарасын шұғыл хабарлайды және кемеің куәландыруға ұсынады.

54. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері, егер, зақымдану көлік оқиғасына ұшырамаған, кеме пайдаланудан шығарылмаған және кемедегі ақаулар қысқа мерзімде түзетілуі мүмкін болған жағдайда, куәландыру жүргізбейді.

55. Жүзу ауданынан елеулі өзгешеленетін бассейндерде, көзделген сынып арқылы бір жолғы өтуге жататын кеме, осындай өтуге Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен, осы Қағидаға және Пайдаланылған кемелерді куәландыру қағидасына сәйкес бір жолғы өту куәлігін ресімдеу арқылы кеме иесімен дайындалады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 24.08.2017 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

56. Жолаушыларды тасымалдауға арналмаған кеме, орнықтылығы мен батпаушылығы жөнінде ақпарат болған жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасының талаптарына сәйкес осындай кемеі арнайы қайта жабдықтау шартымен, кеме иесінің өтінімі бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің ұйымдасқан адамдар тобын (жұмыс орнына және кері қарай жеткізу) тасымалдауға жарамды болып танылады.

57. Кеме құжаттарына сәйкес жүк тасымалдауға көзделмеген кеме, егер, кеме иесі жүкті қауіпсіз тасымалдау мүмкіндігін растайтын және қосымша конструктивтік шараларды сипаттаудан, жүк бекіту әдістерінен, тиеу және түсіру жөніндегі нұсқаулығына толықтырулардан, сондай-ақ кемеінің орнықтылығы мен батпаушылығы жөніндегі ақпараттан тұратын техникалық құжаттаманы ұсынған жағдайда, жүк тасу кемесі Кеме қатынасы тіркелімімен жарамды деп танылады.

58. Кеме қатынасы тіркелімінің Қағида талаптары қамтитын кемеінің материалдары, бұйымдары мен конструкцияларына қатысты барлық өзгерістер, оларды жүзеге асырғанға дейін Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

59. Кеме сыныбы, кемеге оны сыныптау кезінде және кемеінің конструктивтік ерекшеліктерін және қауіпсіздік талаптарынан туындайтын оны пайдалану жағдайын сипаттайтын шартты символдар жинағымен анықталады.

60. Кемелерді сыныптау су бассейндерін сыныптау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

61. Ішкі су бассейндері, кеме қатынасының теңіздік режимдегі сағалық учаскелерін қоса, олардың жел-толқын режиміне байланысты "Л", "Р", "О" және "М" разряды бойынша мына көрсетілген жағдайлардан туындап, сыныпталады:

1) "Л", "Р" және "О" разрядты бассейндердегі қамтамасыздығы 1%-дық тиісінше биіктігі 0,6, 1,2 және 2,0 м толқындарда 4%-дан артпайтын навигациялық уақыттың қосынды қайталануы (қамтамасыздығы) болады;

2) "М" разрядты бассейндердегі қамтамасыздығы 3%-дық биіктігі 3,0 м толқындарда 4%-дан артпайтын навигациялық уақыттың қосынды қайталануы (қамтамасыздығы) болады.

62. Кеме қатынасының теңіздік режимдегі сағалық учаскелері ішкі су жолдарының шекарасынан басталады. Осы учаскелерде Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасы мен кеме сыныбына сәйкес барлық типтік кемелерді пайдалануға рұқсат етіледі.

63. Қазақстан Республикасының ішкі су бассейндерінің тізімі олардың разрядтарына байланысты, сондай-ақ кеме қатынасының теңіз режимімен ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді пайдалануды жүзеге асыру және кемелерді пайдалану шарттары осы Қағиданың 6-қосымшасында келтірілген.

Көрсетілген су бассейндерінде, кемелерді пайдалану шарттары Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасымен белгіленеді.

64. Ішкі суда жүзетін кемелердің сыныбы формуласындағы негізгі символдар кемелің конструктивтік ерекшелігін және кеме жүзетін су бассейні разрядын анықтайтын "Л", "Р", "О" және "М" әріп тіркестері болып табылады.

65. "Өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелердің сыныбы формуласындағы негізгі символдар кемелің конструктивті ерекшелігін және теңіз аудандарында кеме жүзу жағдайларын анықтайтын "О-ПР", "М-ПР" және "М-СП" әріп тіркестері болып табылады.

66. Кеме сыныбының негізгі символына қолданылатын нормативтік толқын биіктіктерінің сипаттамасы осы Қағиданың 7-қосымшасында келтірілген.

67. Кемелің конструктивтік ерекшеліктеріне байланысты сынып формуласындағы кеме сыныбының негізгі символы мынадай символдармен толықтырылады:

1) Кеме қатынасы тіркелімі немесе басқа танылған сыныптау қоғамының техникалық бақылауымен жасалған кемелер үшін негізгі символдың алдына қойылатын символ - "



" , "



О";

2) сыныптың негізгі символынан кейін тікелей пайдалану кезінде мүмкін болатын дәлдігі үтірден кейін бірінші белгіге дейін метрмен өлшенген толқынның биіктігі жазылады, "



О 1,5".

Аса жүрдек кемелер үшін: глиссер, су асты қанатты кемелер (СҚК), су бетінде қалқып жүзетін кемелер (СҚЖК), сондай-ақ экранопландар үшін толқын биіктігі бойынша шектеулер бөлшек түрінде жазылады, алымында - қозғалыстағы кемелің су ығыстырғыштығы кезіндегі, ал бөлігінде - пайдалану режиміндегі толқынның биіктігі.

Бөлшектен кейін қозғалыс принципі бойынша кеме типі көрсетіледі, мысалы, "



1,2/0,8 глиссер", "



О2,0/1,2 СҚК", "



О 2,0/1,5 АТК", "



1,2/0,4 экраноплан";

арнайы мұздық күшейтулері бар кемелер үшін толқын биіктігінің мәнінен кейін жақшаның ішіне алынып "мұз" деген сөз және Кеме қатынасы тіркелімінің кеме жобасын келісу кезінде сантиметрмен белгіленген ұсақ шағылған қысқы мұздың қалыңдығы жазылады, мысалы, "



О (мүз 20)". Мүз жарғыштар сыныбының формуласына "мүзжарғыш" деген сөз енгізіледі;

автоматтандыру құралдарымен жабдықталған кемелер үшін Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасына сәйкес, осы тармақтың 1) - 3) тармақшасында көрсетілген барлық символдардан кейін "А" әрпі енгізіледі, мысалы, "

О_{2,0} (мүз 20) А";

5) егер кеме немесе оның жекелеген элементтері Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасына толығынан сай болмаған, пайдалану тәжірибесінде тексерілмеген, бірақ Кеме қатынасы тіркелімімен тәжірибелілік ретінде оларды зерттеу және тексеру мақсатында пайдалануға жіберілген болса, онда "

" символдың алдындағы сынып формуласына "Э" символы енгізіледі, мысалы, "Э

О_{2,0} (мүз 20) А".

Тәжірибелік сыныбы бар кемені сынақтан өткізу, пайдалану және куәландыру нәтижелері қанағаттанарлық болған кезде "Э" символы формуладан алып тасталады.

68. Кеме қатынасы тіркелімі, сынып формуласына символды енгізуге негіз болған жағдайлардың өзгергені немесе бұзылғаны кезінде, сынып формуласындағы сол немесе өзгеше символды алып тастайды.

69. Кеме қатынасы тіркелімі алғашқы куәландыру кезінде кемеге сынып тағайындайды, растайды, қайтадан жаңартады немесе басқа куәландыру түрлерінде оны қалпына келтіреді.

70. Кемеге сынып тағайындау, қайтадан жаңғырту немесе қалпына келтіру кеме сыныбының формуласын көрсету арқылы кемеге берілетін сыныптау куәлігімен расталады.

Егер кеменің барлық элементтері Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын қанағаттандырса, ал табылған ақаулардың параметрлері рұқсат етілген шекте табылса, кеменің техникалық жай-күйі жарамды болып танылады, оған сынып тағайындалады, расталады, жаңартылады және қалпына келтіріледі және ол өзіне белгіленген сынып және мақсаты бойынша жүзуге жарамды болып танылады.

71. Үнемі осы разрядты бассейнде пайдаланылатын кеме сыныбы осы бассейн разрядынан төмен болмауы қажет.

72. Жағдайы жарамды ішкі суларда жүзетін кеме, конструкциясы, су үсті борты, жабдықтар, жабдықтаулар бойынша қосымша талаптарды, сондай-ақ жүзу ауданы, жел-толқын режимі, маусымдығы, мүз жағдайы бойынша шектеулерді орындаған жағдайда аса жоғары разрядты бассейнде дүркінді (жүйесіз пайдалану) жүзуге жарамды деп танылады.

73. Кеме қатынасы тіркелімі кеме иесінің өтінімі бойынша сынып формуласындағы сыныптың негізгі символын немесе кеме типі мен мақсатын өзгерту қажет болған жағдайда кемелерге қайта сыныптау жүргізеді.

74. Кеме типінің сыныбын көтермелеу және/немесе кеме типі және мақсатына байланысты кеме қайта сыныптауға дайындау жұмыстары Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес және оның техникалық бақылауымен жүргізіледі.

75. Есептеулер мен тексерулер сыныптау бойынша техникалық құжаттамаларды әзірлеу сәтінде қолданылатын Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасына сәйкес орындалады және сыртқы жүктемелердің, техникалық сипаттамалардың (шөгу, су сыйымдылығы, су үсті бортының биіктігі), тасымалданатын жүк түрінің өзгеруіне байланысты жаңадан пайдалану жағдайына бейімделеді.

76. Кеме қатынасының тіркелімі сыныптау қызметін жүзеге асыру кезінде кеме конструкциясы, оның элементтері және немесе қолданылған материалдары пайдалануда жеткілікті тексерілген деп танылмайды, Кеме қатынасы тіркелімі арнайы сынауларды жүргізуді ұсынады, кезеңдік куәландыру арасындағы мерзімдерді қысқартады, осы куәландыру көлемдерін ұлғайтады немесе кеме пайдаланылу шартын шектейді. Шектеу пайдалану процесінде сынаудың қанағаттанарлық нәтижесін алғаннан кейін алып тасталады.

77. Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидасымен көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, кемелерді, кемелік механизмдерді, құрылғыларды және техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді, ал бұрын Кеме қатынасы тіркелімімен берілген кемелердің пайдаланылуын рұқсат ететін құжаттар және сыныбы анықталған ескертулерді кеме иесі жойғанға дейін уақытша тоқтатылады.

Ішкі және аралас "өзен-теңіз"
суларында жүзетін кемелерді
сыныптау қағидасына 1-қосымша

Кеме сыйымдылығын анықтау

Сыйымдылық деп, кеме жалпы сыйымдылығы түсіндіріледі.

Ішкі суларда жүзетін кемелердің жалпы сыйымдылығы GT регистрлік тоннада мына формуламен анықталады:

$$GT = V / 2,83,$$

мұндағы V - кеме барлық жайларын өлшеу жолымен анықталатын, немесе мына формуламен есептелетін жалпы сыйымдылық, м³:

$$V = LBT$$

$$\frac{1}{2} LB$$

$$\alpha$$

$$(H - T) +$$

Σ
lbH,

мұндағы L және B - кемеңің конструктивті ватерсызығы бойынша ұзындығы мен ені, м;

H - борт биіктігі, м;

T - кемеңің құрылымдық ватерсызығы бойынша шөгуі, м;

σ - су сыйымдылығының толықтық коэффициенті;

α

- конструктивті ватерсызығының толықтық коэффициенті;

l, b, h - қондырманың немесе рубканың тиісті орташа ұзындығы, ені, және биіктігі, м.

Жалпы сыйымдылыққа басқару рубкасының, асхана, дәретхана, барлық жарық қоймалары мен шағын рубка сатыларының көлемі кірмейді.

Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелердің жалпы сыйымдылығы Кемелерді өлшеу жөніндегі 1969 жылғы халықаралық конвенцияның 1-қосымшасында мазмұндалған кемелерді өлшеу қағидасына сәйкес анықталады.

Ішкі және аралас "өзен-теңіз"
суларында жүзетін кемелерді
сыныптау қағидасына
2-қосымша

Нысан

Кеме қатынасының тіркелімі

20 ___ жылғы " ___ " _____

ӨТІНІМ

(ұйымның толық аты немесе кеме (объект) иесінің А.Ж.Т.)

Кемеңің (объект) аты

№ _____ жоба _____

кемеңің (объект) орналасқан жері _____

(кеме (объект) иесінің заңды мекен-жайы)

(кеме (объект) иесінің нақты мекен-жайы)

кемеңің немесе объектiңiң орындайтын жұмыс түрi

кемеге (объект) _____ куәландыру жүргізу.

(куәландыру түрі)

Кемеңі (объект) куәландыру күні _____

Байланыс телефоны: _____

Кеме (объект) иесі: _____

(қолы) (А.Ж.Т.)

орын. _____

тел. _____

Ішкі және аралас "өзен-теңіз"
суларында жүзетін кемелерді
сыныптау қағидасына
3-қосымша

Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылатын техникалық құжаттаманың типтік тізбесі

Төменде Кеме қатынасы тіркелімінің қарауына ұсынылатын техникалық құжаттама атауларының тізбесі келтірілген.

Осы типтік тізбемен Кеме қатынасы тіркеліміне қарауға ұсынылатын техникалық құжаттама, Кеме қатынасы тіркеліміне қарауға ұсынылатын техникалық құжаттаманың атауы тізбеде бекітілген.

Бұл тізбелер типтік болып табылады және кеме элементтері конструкциясының ерекшелігіне байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша жобалаушы ұйыммен кеңейтілуі немесе қысқартылуы мүмкін.

Келісу туралы мөртабандар "*" таңбамен белгіленген құжаттамаға және тізбеде көрсетілген барлық жұмыс құжаттамасына қойылады.

1. Кемеңің техникалық жобасы

1. Жалпы жобалық құжаттар:

1) техникалық жоба құжатының ведомості;

2) жобаға түсіндірме жазба;

3)* сипаттама;

4)* Қағидамен регламенттелгеннен айрықшаланатын шешімдер тізбесі, егер олар, қажетті көлемде олардың негіздемелерімен жобаға жіберілсе;

5)* басты кемеңің қабылдау сынағының бағдарламасы және әдістемесі (техникалық жобаны бекіткеннен кейін ұсынылады);

6)* жүк кемесіне арналған тиеу, түсіру және балластау бойынша нұсқаулық (жұмыстық жобалау кезінде жүктеме көлемін нақтылағаннан кейін ұсынылады);

7)* Орнықтылық және суға батпаушылық туралы ақпарат (жұмыстық жобалау кезінде жүктеме көлемін нақтылағаннан кейін ұсынылады);

8)* техникалық құралдарды, құрылғыларды және жабдықтарды бейнелеумен жалпы орналасудың сызбалары:

бүйірлік түрі;

су өткізбейтін қалқаларды, палубтарды, платформаларды көрсетумен бойлық тілік; палубтардың, трюмдардың, көпірлердің, платформалардың жоспарлары;

9)* рульдік рубкадағы жабдықтардың жалпы орналасуы;

10) жарылыс және өртке қауіпті зоналардың және бөлмелердің орналасу схемасы (олар болған жағдайда);

11) кеме корпусының теоретикалық сызбасы;

12) жүктеме көлемінің және ауырлық орталығы бағытының, дифферент және жүктеменің әртүрлі жағдайлары үшін алғашқы орнықтылық есебі;

13) крендеу және аудару моменттерінің және жүктеменің әртүрлі жағдайлары (орнықтылық диаграммасы иығының есебін және басқа да ұқсас есептерді ұсынбауға болады) үшін крен бұрышы кестесімен статистикалық және динамикалық орнықтылықтың диаграммалары; жүктеменің әртүрлі жағдайлары үшін орнықтылықты тексеру; компьютерлік қосымша көмегімен есептерді орындау кезінде бастапқы мәліметтер кестесі;

14) компьютерлік қосымша көмегімен есептерді орындау кезінде бастапқы мәліметтер кестесі;

15) су үсті бортының есептері;

16) кемені басқару есебі, оның ішінде бүтіндей итеру құрамы;

17) жалпы сыйымдылық есептері;

18) жеткізуге куәлікпен немесе басқа Номенклатурға сәйкес ұқсас құжаттармен жататын комплектеуші бұйымдар және жабдықтар материалдарының ведомосі;

2. Корпус:

1) * мидель-шпангоут және жиынтықтың негізгі бөліктерімен корпустың көлденең қимасы;

2) * жиынтық кестесімен, кеменің жалпы иілуіне қатысушы корпус және қондырманың конструктивті сызбасы;

3) * корпусы ауыр жиектелген кемелер үшін сыртқы қаптаманы көру;

4) конструкцияны және корпус байланыстарының өлшемдерін таңдау бойынша есептер, компьютерлік қосымша көмегімен есептерді орындау кезінде бастапқы мәліметтер кестесі;

5) жалпы және жергілікті діріл есептері;

6) корпус элементтерінің беріктілік және тұрақтылық есептері (бір корпусы болат кемелер және ұзындығы 50 м жоғары катамарандар, корпусы жеңіл қоспалардан жасалған кемелер, су асты қанатындағы кемелер, әуе жастығындағы кемелер, корпусы пластмасса кемелер үшін);

7) компьютерлік қосымша көмегімен есептерді орындау кезінде бастапқы мәліметтер кестесі;

8) корпус беріктілігінің есептері (корпусы темірбетонды кемелер үшін);

9) кеменің көлденең беріктілігінің есебі (палубсыз жүк кемелері және регламенттен асатын *B/H* қатынасты кемелер үшін);

10) қондырманың беріктілігінің есептері (үлкен терезе тіліктерімен жолаушылар кемесі үшін);

11) люктік қақпақтардың беріктілік және негізгі бөлшектердің етектерінің есебі көрсетілген кемелердің люктік жабуларының жалпы түрі;

12) кеменің қызмет ету мерзімінің соңында корпусның жалпы беріктілік есебі;

13) мұзжарғыштардың мұздық беріктілік есебі.

3. Жабдықтар және оқшаулау бөлмесі:

1) кемеде қолданылған өңдеу, конструкциялық және ақпарат олардың қайда орнатылған жері, жану сипаттамасы, әрбір бөлменің еденінің 1 м алаңына жанатын материалдар саны көрсетілген оқшауланған материалдар туралы ақпарат;

2)* оқшаулау схемасы және бөлмелерді өңдеу.

4. Жалпы кемелік құрылғылар:

1)* сигналды және ажыратқыш құралдардың орналасу схемасы;

2) құрылғылар элементтерін және Қағида немесе осы элементтерді таңдауды негіздеудің есептерінің көмегі бойынша жабдықтауларын заттарын таңдау;

3) жаңа типті құрылғылардың жалпы орналасу сызбалары.

5. Энергетикалық қондырғы және жүйелер:

1)* басты және қосымша қозғалтқыштардың және жабдықтардың машина бөлмелерде, өтулер және шығулар көрсетілген орталық басқару посты бөлмесінде орналасуы;

2)* дейдвудты құрылғымен, жылжытқышпен, біліктермен және жалғаушы муфтылармен мойынтіректер;

3) мойынтіректің (оның ішінде иіркелі тербелістер), жылжытқыштың есебі және Қағида бойынша мойынтірек элементтерін таңдау;

4)* жүйелердің принципті схемалары (жұмыс параметрлерін, диаметрін көрсетумен, құбыр және арматура дайындалған материалдардың, құбыр қабырғасының қалыңдығы) : салқындату, майлы, отынмен қоректендіру, жіберу ауасымен. Газды бұру (бөлімнің жалпы түрінде бейнелеуге рұқсат етіледі) бу құбыры, коденсатты - қоректік.

6. Жалпы кемелік жүйелер:

1)* жүйелердің принципті схемалары (жұмыс параметрлерін, диаметрін көрсетумен, құбыр және арматура дайындалған материалдардың, құбыр қабырғасының қалыңдығы) : желдеткіштер, өрт сөндіру, құрғату, балласты, мұнай бар трюмді суларды жою, мұнай өнімдерін қыздыру, қосымша және палубтық тетіктердің гидропневможетегі, әуе, құю және өлшеу құбырларының, сығылған ауаның тұрмыстық қондырғылары;

2) кемелік жүйелердің есептері: желдеткіштер, өрт сөндіру, құрғату балласты, сығылған және жіберетін ауа.

7. Тоңазытқыш қондырғы:

1)* тоңазытқыш қондырғының жалпы орналасу сызбалары;

2)* тоңазытқыш агенттің, салқын тасығыштың, желдеткіштің, әуе салқындататын және су салқындататын жүйелерді, басқару, бақылау, сигнал беру және қорғау жүйелерінің принципті схемалары;

3) тоңазытқыш қондырғы бойынша негізгі есептер.

